

Хаттама №1

Қармақшы ауылы

№113 Қаракөл орта мектебі

Қатысуға тиісті: 31

27 тамыз 2025 жыл

Қатысқаны: 27

Күн тәртібіндегі мәселелер

1. 2025-2026 оқу жылына арналған Әдістемелік – нұсқау хат туралы

Хабарламашы: А.Козбахова

2. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясындағы құжаттар

Хабарламашы: А.Козбахова

3. 2025-2029 жылдарға арналған білім беру жүйесіне ЖИ енгізудің концептуалдық тәсілдері

Хабарламашы: А.Козбахова

I мәселе бойынша хабарламашы Өрлеу БАҰО АҚ филиалы Қызылорда облысы бойынша кәсіби дамыту институтының аға оқытушысы Козбахова Айгуль Каирбековна

2025–2026 жаңа оқу жылында білім беру сапасын арттыру, тәрбие жұмысын жетілдіру, білім алушыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу, педагогтердің кәсіби дамуын қамтамасыз ету секілді маңызды міндеттер тұр. Аталған міндеттерді іске асыру мақсатында әзірленген әдістемелік нұсқау хат сіздерге оқу-тәрбие процесін тиімді ұйымдастыруда көмекші құрал болады деп сенеміз.

2025–2026 жаңа оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатта келесі бағыттар қамтылған:

- оқу бағдарламаларының мазмұнын сапалы іске асыру;
- оқу жетістіктерін бағалау және академиялық адалдықты ұстану;
- мектепке дейінгі және бастауыш білім арасындағы сабақтастық;
- «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде тәрбие жұмысын жүзеге асыру;
- ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау;
- педагогтер мен мектеп басшыларының үздіксіз дамуы;
- ауыл мен шағын жинақты мектептердің әлеуетін көтеру;
- педагогтердің ғылыми мақала жазуына, зерттеу жұмыстарын жүргізуіне әдістемелік қолдау көрсету;

Қазақстанда 2025 жыл – Жұмысшы мамандықтарының жылы деп жарияланды. Білім беру ұйымдарының алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі – білім алушыларға мамандықты саналы таңдауға негіз болатын еңбек нарығындағы сұранысқа ие мамандықтарды таныстыру, мамандық таңдауға қолдау көрсету, жұмысшы мамандықтарының маңыздылығын түсіндіруге бағытталған кәсіптік бағдар беруді қамтамасыз ету.

Мемлекет басшысы «Орталық Азия – Қытай» саммитінде сөйлеген сөзінде еліміздің ғылыми әлеуетін нығайту, бірлескен зертханалар мен инженерлер академияларын дамыту мақсатында 2026 жылды – Білім және ғылыми зерттеулер жылы деп жариялауды ұсынды.

Бұл бастама бірлескен зертханалар мен инженерлер академияларын дамытуға бағытталған. Білім беру ұйымдарының басты міндеттерінің бірі – білім алушыларды зерттеу іс-әрекетіне белсенді тарту, ғылымға деген қызығушылықтарын дамыту, сондай-ақ жобалау мен танымдық іс-әрекеттің негізгі дағдыларын қалыптастыру.

Биылғы оқу жылында білім алушылардың жобалық ойлауын дамытуды қалыптастыруға, ғылыми-танымдық іс-әрекетке белсенді қатыстыруға ерекше назар аудару керек, сондай-ақ білім алушылардың функционалдық сауаттылығын, цифрлық құзыреттіліктерін дамыту және үлгерімі төмен білім алушыларға академиялық қолдау көрсету бойынша жұмыстар жалғасын табады.

2025-2026 оқу жылында білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері мыналар:

- оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда – 33 оқу аптасын, 2–11(12)-сыныптарда – 34 оқу аптасын құрайды;
- мектепке дейінгі және бастауыш білім беру бағдарламаларының сабақтастығын қамтамасыз ету жоспары іске асырылуда;
- сапалы және қолжетімді білім беру үшін заманауи форматтағы «Келешек мектептері» жобасы іске асырылуда;
- еліміздің 17 аймағында 5022 ауыл мектебінің әлеуетін дамыту бойынша «Ауыл мектебі – сапа алаңы» жобасы жүзеге асуда;
- «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында бейіндік сыныптар құрылуда;
- барлық орта білім беру ұйымдарында педагог – кәсіби бағдар берушілер білім алушылардың ерте кәсіптік өзін-өзі анықтау жұмысын ұйымдастыруда;
- педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарына өзгерістер енгізілуде (ҚР Оқу-ағарту министрінің 25.02.2025 жылғы №32 бұйрығы).

Орта білім беру ұйымдарындағы білім беру процесі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген Үлгілік оқу жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен бекітілген орта білім беру ұйымдарының (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру) қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес, білім беру ұйымдары:

- орта білім беру ұйымының түрін ескере отырып, оқу процесі қай үлгілік оқу жоспары бойынша ұйымдастырылатынын, оның ішінде қысқартылған оқу жүктемесі бар үлгілік оқу жоспарын дербес таңдап алады;
- таңдалған үлгілік оқу жоспарына сәйкес білім беру ұйымының ерекшеліктерін ескере отырып, жұмыс оқу жоспарын және вариативтік компонент пәндерінің жұмыс бағдарламаларын әзірлейді.

2025–2026 оқу жылына арналған жұмыс оқу жоспарын әзірлеу кезінде Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын (оның ішінде төмендетілген оқу жүктемесімен) тиісті білім беру деңгейіндегі оқу жүктемесінің ерекшеліктерін ескеру талап етіледі.

Бастауыш білім беру деңгейі бойынша жұмыс оқу жоспарын әзірлеу барысында ескерілуі қажет:

- «Көркем еңбек» пәнін кезең-кезеңімен бөлу шеңберінде 4-сыныпта «Бейнелеу өнері» және «Еңбекке баулу» жеке оқытылады, әрқайсысына аптасына 1 сағаттан бөлінеді.

II мәселе бойынша хабарламашы Өрлеу БАҰО АҚ филиалы Қызылорда облысы бойынша кәсіби дамыту институтының аға оқытушысы Козбахова Айгуль Каирбековна

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Білім келешегі: адал азамат, кәсіби маман» атты тамыз конференциясында: Білім тәрбиемен ұштасқанда ғана берекелі, сапалы болады. Білім мен тәрбие – кез келген қоғамның қос тұғыры. Бұл екеуін бір-бірінен бөліп қарауға болмайды. Ұстаз – ұлттың шамшырағы. Сіздер күнделікті қажырлы еңбектеріңіз арқылы ел дамуына өлшеусіз үлес қосып келесіздер. Жас ұрпақтың бойына білім нәрін сеуіп, озық ойлы ұлт тәрбиелеп жүрсіздер. Халқымыздың зияткерлік қуатын арттыруға белсене атсалысып жатсыздар. Біз бір ел, бір халық болып, Әділетті, Таза әрі Қуатты Қазақстанды құрып жатырмыз. Ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру үшін нақты реформаларды қолға алдық. Бұл – ауқымды әрі күрделі жұмыс. Бүгінге дейін біраз шаруа атқарылды. Елдегі саяси жүйе толық жаңғырды. Ұлттық экономиканың жаңа бағдары айқындалды. Қоғамымыз дамып, азаматтардың сана-сезімі өзгеруде. Мектеп – білім мен тәлім-тәрбиенің киелі

ордасы. Ұлы Абай «Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ» деген. Өскелең ұрпақты білімпаздыққа баулу қаншалықты маңызды болса, оларға дұрыс жол көрсету, бағдар беру де соншалықты маңызды. Біз жастардың адал әрі еңбекқор болып өсуіне ерекше мән беруіміз қажет. Ұл-қыздарымыз жақсы мен жаманның, ақ пен қараның арасын ажырата білуі керек.

Биылдан бастап елімізде «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы жүзеге асырыла бастайды. Бұл бағдарламаны барлық мектеп, соның ішінде жекеменшік мектептер де қолданады. Сондай-ақ мен осы жобаны педагог мамандар даярлайтын жоғары оқу орындарына да енгізуді ұсынамын.

Ұлттық білім саласындағы тәрбие жұмысында біртұтас жүйе болуы керек. Жас ұрпақтың бойына жалпыұлттық құндылықтарды сіңіру қажет. Әрбір жас отаншыл, жасампаз, жаңашыл, білімпаз, еңбекқор, ұқыпты, үнемшіл болып өсуі керек. Сондай азаматтар ғана мәдениетті, қауіпсіз әрі «Заң мен тәртіп» үстемдік құратын қоғамның іргесін қаламақ.

Халқымыз «Тәрбие тал бесіктен басталады» деп бекер айтпаған. Ұрпақ тәрбиесінде ата-ана, мұғалім және мемлекеттік органдар бірге жұмыс істеуге тиіс. Себебі, жауапкершілік бәріне ортақ. Хакім Абай да «Адамның адамшылығы ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады» деп айтқан.

«Отбасы – мектеп – мемлекет» үштігі үйлесімді болса, жақсы нәтижеге жетуге болады. Ал бұл үштіктің өзегінде еңбекқорлық идеясы болуға тиіс. Жас ұрпаққа еңбексіз ешқандай игілік болмайтынын үнемі түсіндіріп айту керек. Қоғамда масылдыққа жол бермеу қажет. Себебі, бұл жол тек тығырыққа тіреді.

«Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясы – осы бағыттағы нақты шараның бірі. Мен бұған дейін де айттым. Таза Қазақстан дегеніміз – қоршаған ортаны таза ұстау ғана емес. Әрине, ол да маңызды. Сонымен бірге, бұл – ой-сана тазалығы деген сөз. Жан-дүниесі таза адам қайырымды, мейірімді болады. Қолы таза адам жемқорлыққа бармайды, адал болады. Асыл қасиеттерді бойына сіңірген нағыз адал азаматтар Әділетті Қазақстанның тірегі болатыны сөзсіз.

III мәселе бойынша хабарламашы Өрлеу БАҰО АҚ филиалы Қызылорда облысы бойынша кәсіби дамыту институтының аға оқытушысы Козбахова Айгуль Каирбековна

Білім беру жүйесіне жасанды интеллектіні енгізу - қазіргі заманның маңызды мәселелерінің бірі. 2025-2029 жылдар аралығында білім беру процесінде жасанды интеллектінің рөлін анықтау, оқу бағдарламаларын жаңарту және ұстаздар мен оқушылардың арасындағы интерактивтілікті арттыру үшін

нақты қадамдар жасау қажет. Жасанды интеллект технологиялары, мысалы, автоматтандырылған оқу платформалары, білім беру мазмұнын үздіксіз жетілдіру, және оқушылардың жеке қабілеттеріне сәйкес білім беру әдістерін әзірлеу арқылы білім алудың тиімділігін арттыра алады. Бүгінде қазақстандық мұғалімдерді осы және жасанды интеллект төңірегіндегі өзге де өзекті мәселелер толғандырады. Өйткені қазіргі ақпаратты технологиялар қарыштап дамыған дәуірде мұғалім үшін мүмкіндіктер мен басымдықтар, жасанды интеллект балалардың игілігі үшін жұмыс істеуге тиіс. Технологияның дамуына қарай оқытуда оқушының қабілетін, қажеттілігін, жеке ерекшелігін ескеруді ұмытпауымыз керек. Балалардың болашағын, олардың үйлесімді дамуын қамтамасыз ете отырып, адам мен компьютердің артықшылықтарын біріктіру арқылы білім беруді тиімді етіп, ал мұғалімнің жұмысын шығармашылыққа айналдыруға болады. Бірақ жасанды интеллекті мектептерде қолдану тәжірибесі бізде әлі де жеткіліксіз. Мұғалімінің күнделікті жұмыстарды орындауға көп уақыты кетеді. Қазір әлемнің көптеген елі жасанды интеллект көмегімен аналитикалық және статистикалық мәлімет жинауды автоматтандыруға тырысуда. Ең күрделі жасанды интеллект те мұғалімді алмастыра алмайды, бірақ бұл оқытуды жақсартуға және білім сапасын арттыруға көмектеседі.

Жарыс сөз

1.Т.Каденова мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары: 2025-2026 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқаулық хатпен танысып шықтым. Алдыға қойған басым бағыттар оқу бағдарламасының мазмұнын іске асыру, академиялық адалдықты ұстану, қызметкерлер мен мектеп басшыларының үздіксіз дамуы, педагог қызметкерлердің ғылыми мақала, зерттеу жұмыстарын жүргізуге басым бағыттар қойылған. Осы аталған бағыттар бойынша үздіксіз дамып, жақсы нәтижеге бағытталған жұмыстар шығады деп сенім білдіремін. 2025-2029 жылдарға арналған ЖИ туралы айтатын болсам қазіргі ақпараттық технология дамыған заманда мұғалім үшін көптеген мүмкіндіктер мен басымдықтар жұмыс жасауда. Балалардың болашағын, олардың үйлесімді дамуын қамтамасыз ете отырып, адам мен компьютердің артықшылықтарын біріктіру арқылы білім беруді тиімді етіп, ал мұғалімнің жұмысын шығармашылыққа айналдыруға болады деп сенім білдіремін.

2.Н.Таңбай мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынасары: ҚР оқу – ағарту министрінің 2025 жылғы 26 мамырдағы №123 бұйрығымен таныстым. Бағдарлама бойынша білім алушыларда «Адал азамат» негізі, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу процесі, ата-ана мен балалардың арасындағы

